



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын іске асыруда
өтпелі тақырыптар бойынша «Аружан» (2 жастан бастап) І кіші тобының
перспективалық жоспары**

2018–2019 оқу жылы

Бекітілді:

МКҚК «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасының

менгерушісі  Г.Таш

Педагогикалық кеңеспен

№ 1 хаттама

«28» тамыз 2018ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру процесіне ұсынылатын өтпелі
тақырыптардың тізімі

«Аружан» (2-3жас) I кіші тобы

2018-2019 оқу жылы

№	Тақырыптар	Апталық тақырыптар
1	Балабақша	1. Менің балабақшам 2. Менің достарым 3. Менің сүйікті ойыншықтарым 4. Жихаздар
2	Менің отбасым	1. Менің отбасым 2. Менің аулам 3. Қош келдің Алтын күз 4. Табиғат өзгерістері
3	Дені саудың – жаны сау	1. Өзім туралы 2. Дұрыс тамақтану. Дәрумендер 3. Дені саудың – жаны сау 4. Біз күштіміз, ептіміз
4	Менің Қазақстаным	1. Қыс қызығы 2. Туган өлкем 3. Тәуелсіз Қазақстан 4. Кел Жаңа жыл
5	Табиғат әлемі	1. Табиғат әлемі 2. Үй жануарлары 3. Тірі және өлі табиғат 4. Ғажайып қыс
6	Бізді қоршаған әлем	1. Жануарлар әлемі 2. Көліктер 3. Қазақстанның жыл кұстары 4. Мамандықтың бәрі жақсы
7	Салттар мен фольклор	1. Көктемгі егістік 2. Ертегілер елінде 3. Салт дәстүр және фольклор 4. Нұр төккен, гүл көктем
8	Біз еңбеккор баламыз	1. Аялайық гүлдерді 2. Ас атасы – нан 3. Үй кұстары 4. Еңбек – бәрін жеңбек
9	Әрқашан күн сөнбесін	1. Достық біздің тірегіміз 2. Жабайы табиғат әлемі 3. Жайдары жаз келді 4. Мен жасай аламын



**«Аружан» бірінші кіші тобының(2 жасстан бастап)
2018-2019 оқу жылына арналған
күн тәртібі**

Күн тәртібі	Уақыты
«Сәлеметсіздер ме, балалар!»	8.00-8.30
Таңертеңгілік қабылдау. Ойындар, ертеңгілік жаттығу	8.30-9.00
Таңғы ас	9.00-9.30
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	9.30-9.40
«Ойнайық та, ойлайық»	9.40-9.50
Ұйымдастырылған оқу қызметі	9.50-10.00
«Табиғат аясында»	10.00-10.10
Серуенге дайындық	
Серуен. Табиғатпен таныстыру, ойындар, еңбек,	10.10-11.50
Серуеннен қайту,	11.50-12.00
«Ас адамның арқауы»	12.00-12.50
Түскі ас	
«Тәтті ұйқы»	12.50-15.30
Гигиеналық және шынықтыру шаралары. Жатқызу және түскі ұйқы	
«Ұйқымызды ашайық»	15.30-16.30
Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары	
Бесін ас	16.30-16.45
«Алақай, ойын!»	
Сюжеттік-рольдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар.	16.45-17.30
Баланың жеке даму картасы бойынша жеке жұмыс	17.30-17.40
Серуен. Қимылды ойындар. Серуеннен қайту.	17.40-18.00
«Ертеңге дейін...»	
Балалар, ата-аналармен қарым-қатынас. Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30

«Бекітемін» _____

«Балбөбек» бөбекжай балабақша
менгерушісі: Г.Таш

«Аружан» бірінші кіші тобының ҰОҚ кестесі 2018-2019 оқу жылы

Білім беру саласы	Жалпы сағат	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық 	3		Дене шынықтыру-1		Дене шынықтыру -1	Дене шынықтыру-1 (таза ауада)
Коммуникация 	1	Сөйлеуді дамыту- 0,5 /1,2/ Көркем әдебиет- 0,5 /3-4/				
Таным 	2			Сенсорика 0,5 /1,2/ Құрастыру- 0,5 /3,4/	Жаратылыстану -1	
Шығармашылық 	3	Музыка-1		Мүсіндеу /1/ 0,25 Апликация /2/ 0,25 Музыка- 0,5 /3-4/		Сурет салу-1
Әлеуметтік орта 	-	-	-	-	-	-

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі-9

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 7-15 минут

Барлығы -9

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
«Аружан» І кіші топ 2018 жыл, қыркүйек айы
Өтпелі тақырып: “БАЛАБАҚША”

Мақсаты: Балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту, өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым-қатынас сезімдеріне тәрбиелеу.

Апталары	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1	Таным- 2	Шығармашылық- 3	Әлеумет-0
		Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5	

I-апта	Дене шынықтыру 1.Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру.Қол ұстасып, шеңбер құрып тұру. Мақсаты: Бір қатар баяу және жылдам жүруге, шеңбер құрып тұра білуге үйрету. Дене шынықтыру 2. Тақырыбы:Қол ұстасып шеңбер жасау. Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу, жылдам жүгіру (жалаушаға дейін) Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасауға үйрету. Баяу және жылдам жүгіруге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: 3. Алаңның бір шетінен екінші шетіне баяу жүгіру /жалаушаға/. Бір орында тұрып,қос аяқпен секіру. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту «Біздің балалар қайда екен?» Мақсаты: Топпен таныстыру, бөлмелердің аттарын үйрету. Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ұқыптылыққа баулу.	Сенсорика «Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақтар» Мақсаты: Балаларды өлшемі мен түсі бойынша әртүрлі геометриялық фигураларды;жеке қызыл,көк түстер туралы түсініктер бекіту; «түсі бойынша әртүрлі», «өлшемі бойынша әртүрлі» деген, «үлкен,кішкентай» деген түсініктерді дұрыс қолдану;ұсақ бөлшектерді бауға тағулы орындай отырып,ұсақ қол моторикасын дамытуды жалғастыру. Жаратылыстану «Көкөністер, жемістербалабақшаға қонаққа келді» Мақсаты: Балабақшада балаларға жемістер мен көкөністерді таныстыру, олардың сыртқы түрі, түсі, дәмі, атауы бойынша қиярды, қызанақты, сәбізді, алманы, алмұртты тани білуге үйрету.	Мүсіндеу Сәбиге арналған сылдырмақ Мақсаты: Балаларға ермексаздан дөңгелек жасауды және ретімен қоюды, сылдырмақ жасауды үйрету; балаларды педагогтің сұрағына дұрыс жауап беруге, ермексаз мүсіндерді ауыстыруға үйрету; үлестірмелі материалдар. Сурет салу Қағаз,қарындашпен таныстыру. Мақсаты: Көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен,майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Үстелде дұрыс отира білуге және еңбек етуге тәрбиелеу. Музыка	
--------	--	--	--	---	--

Папта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру. Белгіленген жерге дейін (2-3м)еңбектеу. Мақсаты: Белгіленген жерге дейін еңбектеп, аттап өту. Балаларды тапқырлыққа баули отырып, зейінділіктерін арттыру. Дене шынықтыру 2.Тақырыбы: Белгіленген жерге дейін /2-3м./ еңбектеу.Таяқшалардан аттап жүру Мақсаты: Таяқшалардан аттап жүруге үйрету. Ептілікке жаттықтыру. Денешынықтыру 3. Тақырыбы: «Секіргіш қояндар» Мақсаты:Ойын алаңындағы белгілі бір межеге дейін қос аяқпен секіру. /таза ауада/	Сөйлеуді дамыту «Менің ойыншығым» сүйікті Мақсаты: Ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Қандай?, сұрағына жауап беруге және жалғау, жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету. Ұқыптылыққа баулу.	Сенсорика «Шуақты күн» Мақсаты: Шеңберден шықпауға,олардан қарапайым композиция жасауға, таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Жаратылыстану «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарларын ажыратып, атай білу (мысық, ит, сиыр, жылқы, ешкі,әтеш, тауық, қаз және т.б.).үй жануарларымен достаса білуге, оларға қамқорлық жасауға үйрету.	Аппликация «Қуыршақтың бесікарбасы» Мақсаты: Балаларды балабақшадағы ойыншық атауларымен таныстыру; ойыншықтардың неден жасалатыны туралы түсінік беру; дайын пішіндерді дұрыс орластыруды үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтаың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Сурет салу «Әртүрлі түстегі қақпақтар» Мақсаты: Қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып,ұшын сәл жоғары,қатты қыспай,оң қолмен қағаз бетінде төмен қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету; балалардың саусақтарының бұлшық еттерін дамыту;ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Музыка	
---	--	---	---	--	--

III апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Белгіленген жерге дейін (2-3м)еңбектеу. Таяқшалардан (3-4) аттап жүру. Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен еңпіндіктерін арттыру. Денешынықтыру 2. Таяқшалардан (3-4) аттап жүру. Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Мақсаты:Допты қос қолмен ұстап жүруді үйрету. Таяқшалардан аттап жүруді үйреті. Дене шынықтыру 3.Ойын алаңындағы кеңістікті бағдарлау арқылы заттар арасымен допты қос қолмен ұстап жүру./таза ауада/ Мақсаты:Балаларды жылдамдық пен еңпіндіктерін арттыру. допты қос қолмен ұстап жүруді үйрету	Көркем әдебиет «Мен тәртіпті баламын» (өлең) Өтебай Тұрманжанов Мақсаты: Құрдастарымен өзара әрекеттестік ережелерін сақтауға үйрету, ойыншықтарымен бөлісіп ойнауға тәрбиелеу, келіспеушілікті шешудің тәсілдерін таба білу қабілетін қалыптастыру.	Құрастыру «Доптар» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету,олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға дағдыландыру, екі бөліктен тұратын доптың суретін кеңістікте дұрыс орналастыру. Жаратылыстану «Үй жануарларының төлдері» Мақсаты: Үй жануарларының төлдерін ажыратып, атай білу (марғау, күшік, бұзау, лақ, балапан және т.б.).	Сурет салу «Доптар» Мақсаты: Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмада салуды үйрету;саусақтарының икемділіктерін арттыру; өз жұмысның нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Музыка	
Іуапта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Мақсаты: допты қос қолмен ұстап жүруді үйретуді жалғастыру. Балаларды жылдамдық пен еңпіндіктерін арттыру. Дене шынықтыру	Көркем әдебиет «Айна» (ертегі) Мақсаты: Балаларды ертегіні түсініп, мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету. Сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу. Үй жиһаздарының атауларын бекіту.	Құрастыру «Үстел және орындық» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып үстел және орындықты құрастыра білуге үйрету.	Сурет салу Шағылысқан күн сәулесі. Мақсаты: Балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету; Саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру; Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Музыка	

2. Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру. Мақсаты: Бірінің артынан бірі жүруді үйрету. Балаларды шапшаңдылыққа, нақтылыққа үйрету. Дене шынықтыру 3. «Мергендер» доппен кеглилерді дәлдеп құлату. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.			Жаратылыстану «Ағаш және оның бөліктері» Мақсаты: Балалардың назарын ағаштың негізгі бөліктеріне аудару (діңі, бұтақтары, жапырақтары). жиһаздардың ағаштардан жасалатынын айтып кету. Жиһаздармен таныстыру.	Музыка	
--	--	--	--	--------	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Бірінші кіші топ 2018 жыл, қазан айы
Өтпелі тақырып: **“Менің отбасым”**

Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру, күз мезгілі туралы түсінік беру, табиғаттағы өсімдіктер, жануарлар әлемімен таныстыру, табиғатқа қамқорлық сезімдерін қалыптастыру.

Апталары	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5	Әлеумет-0
-----------------	----------------------	---	--	--	------------------

І-апта	Дене шынықтыру. 1.Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру. Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, допты қос қолмен шеңберге лақтыруды үйрету. Дене шынықтыру 2.Доғалар астымен еңбектеу. Доғалар астымен еңбектеп өту. Мақсаты: Доғаның астымен еңбектеуді үйрете отырып, балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу, Дене шынықтыру 3. “Көңілді балалар” қ.о. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту «Ұшады-ұшпайды» Мақсаты:Заттардың қасиеттеріне қарай талдауға, олардың аттарын атай білуге үйрету. Табиғатта не ұшатыны,ненің ұшпайтыны туралы түсіндіру арқылы зейіндері мен ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа баулу.	. Сенсорика «Көкөністер» Мақсаты: Дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге,сәйукс пазылдарға пішінді орналастыра отырып,дөңгелекті («қызанақ») сопақшадан («қияр»)ажырата білуге үйрету;жазықтықта үлкен көлемді геометриялық фигураларды салыстыра білуге:қияр-сопақша,қызанақ-дөңгелек;балалар ойындарына қосымшаларды қосуды жалғастыру(қатты қағаздан қосымша қағаздар).Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жаратылыстану«Өсімдіктер әлемі» Мақсаты: Ағаштарды ажыратып, атай білуді қалыптастыру (1-2 түрін).	Мүсіндеу Ағаштағы алмалар Мақсаты: Ермексазды алақан арасына салып айландыра домалақтау арқылы мүсіндей білуге үйрету; тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Сурет салу Жапырақтар түсуде. Мақсаты:Қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету. Қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру,қолдың қимыл қозғалысын дамыту Музыка жетекшісінің жоспары бқйынша	
Шапта	Дене шынықтыру. 1. Арқан астымен секіру. Арқан астымен секіру. Тартылған жіптен аттап өту (биіктігі 10-15см) Мақсаты: Балаларды ептілікке, тапқырлыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2.Тартылған жіптен	Сөйлеуді дамыту «Қоян, қонжық» Мақсаты: Аю мен қоянның балаларымен, олардың сыртқы түрлерімен таныстыру. Суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрату арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Жануарларға	Сенсорика «Құлыншаққа арналаған жол» Мақсаты: Балаларға 4мүмкүндіктің ішінен 2 берілген түс бойынша (қызыл,көк) затты таңдауға үйрету;заттардың түсі бойынша топтастыру іскерілігін бекіту,спектерде түстер бояуларын араластырудың ретімен таныстыру. Ойыншықтармен ұқыпты	Аппликация «Жайлаудағы қошақандар» Мақсаты: Үй жануарларымен танысытыру;қойларыдың суретін «жайлауға»орналастыруды үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. Сурет салу Торғайларға жем шашамыз.	

	аттап өту (биіктігі 10-15см) Мақсаты: Тартылған жіптен аттап өтуді үйрету. тапқырлыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 3. Тепе теңдік сақтай жүру, қос аяқтап секіру./таза ауада/ Мақсаты: Балаларды ептілікке, шыдымдылыққа тәрбиелеу.	деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	ойнауға тәрбиелеу. Жаратылыстану «Жабайы жануарлар» Мақсаты: Орманда мекендейтін жануарларды ажырату және атау (түлкі, қоян, аю, қасқыр, тиін және т.б.).	Мақсаты: Фломастер,қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қаоыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету; ойын тәсілдерін арқылы ой-қиялдарын дамыту; құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбилеу. Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бқйынша	
III апта	Дене шынықтыру. 1. Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. Мақсаты: Допты бір-біріне лақтырып, ұстап алуды үйрету. Дене шынықтыру 2. Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (қолды екі жаққа созып) Отырып (қашықтығы 50-100 см) допты бір-біріне домалату. Мақсаты: Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. Дене шынықтыру 3. “Велосипедке мініп үйрену” /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды	Көркем әдебиет «Торғай мен мысық» (өлең) Ертай Ашықбаев Мақсаты: Өленді есте сақтауға, педагогтен кейін қайталауға үйрету. Сөйлеу мәнері мен дауыс ырғағының көркемдігін қалыптастыру.	Құрастыру «Балапандар» Мақсаты:Балалардың саусак қимыл қозғалыстарын жетілдіру, қағазды уажданға арқылы балапанды жасауға болатынын түсіндіру, балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану «Құстар» Мақсаты: Құстарды ажыратып, атай білуге (торғай, қарға, көгершін) үйрету.	Сурет салу Құстар сайрайды. Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай отырып үзік сызықтарды салу дағдыларын бекіту; құстар үнін тыңдау арқылы қуанышты көңіл күй туғызу,оны іс-әрекетінде маңайындағыларға бере білугек дағдыландыру; құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бқйынша	

	ептілікке, шыдымдылыққа тәрбиелеу.				
ІҮапта	Дене шынықтыру 1. Отырып (қашықтығы 50-100 см) допты бір-біріне домалату. Кедергілерден (текшелерден) аттап өту Мақсаты: Кедергілерден аттап өтуді үйрету. Балаларды ептілікке, шыдымдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2. Кедергілерден (текшелерден) аттап өту Биіктіктен қос аяқпен секіру /5-10см/. Мақсаты: Биіктен қос аяқпен секіруді үйрету, тапқырлыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 3. «Велосипедті бағыттап үйрену, тік отыру» /таза ауада/. Мақсаты: Балаларды ептілікке, шыдымдылыққа тәрбиелеу.	Көркем әдебиет «Алтын дән» (өлең) Күләш Ахметова Мақсаты: Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету.	Құрастыру «Мұнара» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып мұнара құрастыра білуге үйрету. Жаратылыстану «Қоңыр күз» Мақсаты: Күз мезгілімен-табиғаттағы маусымдық өзгерістермен, балабақшаның ауласында өсетін ағаштармен және бұталармен таныстыру. Ағаштар үшін жылудың, судың маңызы туралы әңгімелеп беру. Жапырақтарды түсі бойынша ажыратуға үйрету.	Сурет салу Жау-жау, жаңбыр. Мақсаты: Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетте бере білуге үйрету. Іс-әрекет барысында бейнелегендерін музыка әуенімен қимыл-қозғалыста үйлестіруге білуге бағыттау Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бқйынша	

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Бірінші кіші топ 2018 жыл, қараша айы
Өтпелі тақырып: “Днеі саудың, жаны сау”

Мақсаты:Балаларды отбасы туралы ұғыммен таныстыру, отбасы мүшелерін атауға, туыстық атуларды қолдана білуге үйрету. Отбасы мүшелеріне құрметпен қарау, өзінен кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу.

Апталары	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5	Әлеумет-0
-----------------	----------------------	---	--	--	------------------

I-апта	Дене шынықтыру. 1. Биіктіктен қосаяқпен (5-10см) секіру. Екі қатарға қойылған (арасы 30-40 см алшак) Мақсаты: Биіктен қос аяқтап секіруді үйрету. Балалрды шапшаңдылыққа, тапқырлыққа үйрету Дене шынықтыру 2.Кегельдер арасымен допты қос қолмен көтеріп жүру.Допты 50-60см қашықтыққа лақтыру Мақсаты: Допты дәл лақтыруға, кегілдер арасымен жүруді үйрету. Балаларды ептілікке үйрету. Дене шынықтыру 3. “Велосипедті өз бетімен жүргізу” /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Ертегі мазмұнымен таныстыру.Ертегі кейіпкерлерінің біп-біріне айтқан сөздерін айтқызу арқылы оны сахналауға талпындыру.Еңбекқорлыққа баулу.	. Сенсорика «Терезелі үй» Мақсаты: Балаларды 2 әртүрлі фигураны(дөңгелек шаршы) мен 2 әртүрлі көлемдегі (үлкен,кішкентай)заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып олардың пішініне және көлеміне қарай топтастыруға үйрету; ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану «Үй құстары» Мақсаты: Өздеріне тән сипаттық ерекшеліктерін бөліп көрсету (әтештің айдары әдемі; қоянның құлақтары ұзын; аю үлкен, оның құлақтары кішкентай және құйрығы жоқ; әтештің, мысықтың, иттің қандай дыбыстар шығаратынын білу).	Мүсіндеу “Анама арнап прәндік пісіремін” Мақсаты: Балаларды қамырмен жұмыс жасауға үйрету; балалардың ой-өрісін арттыру мақсатында ермексаздың кішкене бөлігін алақанмен тікесіне қимылдату арқылы домалақ пішін жасауды және саусақпен жай ғана басуды үйрету; балалардың ойлау қабілетін арттыру; тіл байлығын дамыту; ұсақ бөлшектермен жұмыс жасауға үйрету; ана-әжелеріне деген сүйіспеншілікке, бауырмалдыққа баулу. Сурет салу Әжемнің жіп шумақтары. Мақсаты: Балаларды түрлі түсті фламоостермен жіп ораманың суретін салуға,фламастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка	
II-апта	Дене шынықтыру. 1. Допты 50-60см арақашықтыққа лақтыру (диаметрі 10-15см) Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Мақсаты: Баяу жіне қарқынды жүруге үйрету.Тапқырлыққа үйрету. Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту «Қуыршақты шомылдырып, ұйықтатамыз» Мақсаты: Балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету. Киімдерді ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге	Сенсорика «Құртақандарға арналған үй» Мақсаты: Балаларға 4мүмкүндіктің ішінен 2 берілген түс бойынша (қызыл,көк) затты таңдауға үйрету;заттардың түсі бойынша топтастыру іскерілігін бекіту,спектерде түстер бояуларын араластырудың ретімен танысыыру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға	Аппликация «Менің үйім» Мақсаты: Балаларды пішіндермен (үшбұрыш,төртбұрыш)таныстыру.Үйді геометриялық пішіндерден (үшбұрыш,төртбұрыш)құрастыруды үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.балаларды қамқор және жанашыр болуға тәрбиелеу.	

	2. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Мақсаты: Тізені жоғары көтеріп жүруді қалыптастыру, балаларды ептілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру 3. «Велосипед жарыс» /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке тәрбиелеу.	ұйрету. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Туыстық атауларды меңгерту. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу.	тәрбиелеу. Жаратылыстану «Гүл» Мақсаты: Гүлдерді ажыратып, атай білуді қалыптастыру (аулада, бөлмеде гүлдейтін өсімдіктер), ауладағы гүлдердің түстерін атау.	Сурет салу Орамалды безендіру. Мақсаты: Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету; саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту; балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. Музыка	
III апта	Дене шынықтыру. 1. Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру, допты алға домалату және оны қуып жету. Мақсаты: Допты домалатуға үйрету, тізені жоғары көтеріп жүруді қалыптастыру. Дене шынықтыру 2. Допты алға домалату және оны қуып жету. Құм салған қапшықты шеңберге лақтыру /50 см қашықтыққа/ Мақсаты: Құм салған қапшықты дәл лақтыруға үйрету, баланы тапқырлыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру	Көркем әдебиет “Әке мен бала” Мақсаты: Әңгімені тыңдай білу дағдыларын дамыту, үлкендерді тыңдауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Құрастыру “Үй және қақпа” Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтың ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып, үй және қақпаны дұрыс құрастыра білуге үйрету. Жаратылыстану «Алуан түрлі жапырақтар» Мақсаты: Жапырақтарды түсі, көлемі, пішініне сәйкес ажыратуға жаттықтыру.	Сурет салу Үйдің терезесіндегі жарықтар. Мақсаты: Қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету; бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Музыка	

	3. «Ормандағы аю» қ.о. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққағ ептілікке тәрбиелеу.				
ІҮапта	Дене шынықтыру 1.Құм салынған қапшықты шеңберге лақтыру (50 см арақашықтыққа) Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Мақсаты: Құм салған қапшықты дәл лақтыруға үйрету, қос аяқпен секіруді қалыптастыру.Баланы тапқырлыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2.Бір сызықтан қос аяқпен секіру.Сызықтардың, жіптердің арасымен жүгіру. Мақсаты: Қос аяқпен секіруді қалыптастыру.Баланы тапқырлыққа тәрбиелеу Дене шынықтыру 3. «Кім жылдам?» Ойын алаңындағы белгілі бір межеге дейін жүгіру. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққағ ептілікке тәрбиелеу.	Көркем әдебиет «Әдептілік әлемі» (өлең) Ермек Өтетілеуұлы Мақсаты: Балаларды адамдар арасындағы қарымқатынас нормалары мен қоғамдағы жүріс-тұрыс ережелерімен таныстыруды жалғастыру, сыпайылықтың қарапайым әдеттерін тәрбиелеу	Құрастыру «Төсек» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша екі бөліктен тұратын доптың суретін кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету Жаратылыстану «Табиғат туған үйіміз» Мақсаты: Табиғатқа шамасы келгенше көмек көрсетуге, ауа райының жағдайын анықтауға және атауға үйрету. Білуге құмарлықты дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сурет салу Әжемнің өрнектері. Мақсаты: Түрлі түсті бояуларды пайдаланып текеметті безендіруге үйрету,негізі түстер туралы білімдерін бекіту;сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру;ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Музыка.	

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
I Кіші топ 2018 жыл, желтоқсан айы
Өтпелі тақырып: “**Менің Қазақстаным**”

Мақсаты:Балаларды жыл мезгілдерімен таныстыруды жалғастыру, табиғат өзгерістеріне назар аударта отырып, қыс ерекшелігін ұғындыру, қыс мезгілінің өзіне тән ерекшелігін бақылату. Табиғатқа сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Апталаы	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5	Әлеумет-0
----------------	----------------------	---	--	--	------------------

І-апта	Дене шынықтыру. 1. Сызықтардың, жіптердің арасымен (арақашықтығы 20-30см) жүгіру. Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Мақсаты: Сызықтардың арасымен жүгіруді қалыптастыру, балаларды ептілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2. Жіптің (биіктігі 30-40 см) астынан еңбектеп өту. Допты бір қолмен оңға, солға лақтыру (арақашықтығы 50см) Мақсаты: Допты бір қолмен лақтыруды үйрету, балаларды шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 3. «Жыланша ирелендеп жүру» Ауладағы заттар арасымен жүру. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту «Ғажайып қалта» Мақсаты: Көкөністер, жемістер туралы түсінік беру, оларды сипаттап айтуға үйрету. Сөздік қорын молайту, тіркестерін үйрету. Ұйымшылдыққа баулу.	Сенсорика “Шыршалар мен саңырауқұлақтар” Мақсаты: балалар назарын түстің әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін екендігіне аудару, түстері бойынша нысандарды алмастыруды үйрету, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жаратылыстану «Қармен таныстыру» Мақсаты: Балаларды қармен және оның қасиетімен таныстыру.	Мүсіндеу “Аққала” Мақсаты: Ақ түсті ермексаздың кесігін екі алақанмен домалақтау дағдысын осы оқу іс-әрекетінде пысықтау, дамыту, екі бөліктен тұратын аққала сомдауды, аққаланың бейнесі айқындалу үшін қосымша заттарды пайдалануды үйрету; ойын арқылы мүсіндеу дағдыларын ұштау; баланың тілін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру, ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Сурет салу “Ақ ұлпа қаралар.” Мақсаты: Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету; сурет салу іскерліктерін дамыту; табиғатқа деген сүйспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Музыка	
ІІ-апта	Дене шынықтыру. 1. Допты бір қолмен оңға, солға лақтыру (арақашықтығы 50см) Еденде ирелендеп жатқан жіптің (сызықтың) үстімен жүру. Мақсаты: Допты бір қолмен лақтыруды үйрету,	Сөйлеуді дамыту “Шырша” Мақсаты: Балаларға өлеңнің мазмұнын түсіндіре отырып, бір шумағын жаттату. Заттарды	Сенсорика «Шырша бізге қонаққа келді» Мақсаты: «Шыршаны әсемде» дидактикалық ойынын қолдана отырып, балаларда белгілі бір түстен ілгішті орналастыру дағдысын дамыту; балалардың көңілді шеңбермен жүру дағдысын	Аппликация «Жаңажылдық шырша» Мақсаты: Жаңажылдық мерек туралы түсінік беру, жаңажылдық шырша ойыншықтарын (дөңгелекті) шыршаға орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын	

	балаларды шапшандылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2.Еденде ирелендеп жатқан жіптің (сызықтың) үстімен жүру. Шығыршықтың ішіне косаяқпен секіру Мақсаты: Еденде иерелендеп жатқан жіптің үстімен жүруді үйрету. Шапшандылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 3. «Абайлап өт» қ.о. /таза ауада/ Мақсаты: Балалрды тапқырлыққа , ептілікке тәрбиелеу.	жекеше, көпше түрде айтуға үйрету. Эстетикалық талғамдарын ояту.	жетілдіруді жалғастыру,ұсақ қол моторикасын жетілдіру,щқу іс-әрекеттерінде шығармашылық,психолигиялық жағымды атмосфераны тудыру. Жаратылыстану «Қар кесегі» (мақсатталған серуен) Мақсаты: Қардың қасиеті туралы білімдерін нақтылау: қардан мүсін жасау, домалатып кесек жасау; қарды қолмен ұстағанда еріп, суға айналады.	жетілдіру.Ұқыптылыққа тәрбиелелу Сурет салу “Жапалақтап қар жауды”. Мақсаты: Саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету; саусақтарының бұлшық еттерін дамыту;бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Музыка	
III апта	Дене шынықтыру. 1. Шығыршықтың ішіне косаяқпен секіру. Кегельдер арасымен жүгіру. Мақсаты:Еденде иерелендеп жатқан жіптің үстімен жүруді үйрету. Шапшандылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2. Кегельдер арасымен жүгіру. 5-10 см биіктіктен секіру (тақтайдан, кішкентай орындықтан) Мақсаты: Биіктен секіріп	Көркем әдебиет Қыс» (өлең) Абдрахман Асылбеков Мақсаты: Ақын туындыларына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: <i>қалтырайды, ағарады, қар, қыс, үлбіреген , аққала</i> сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын кеңейту.	Құрастыру «Қар бүршіктері» Мақсаты: Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы қар бүршіктерін жасай білуге білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану «Табиғат бұрышы» Мақсаты: Өсімдіктер мен жануарларға қызығушылықты дамыту. Оларға қамқорлық көрсетуге баулу.	Сурет салу “Қардағы іздер”. Мақсаты: Қағазға қылқаламмен дақ түсіре білуді үйрету,бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қараға түсіріп жаттығу;табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка	

	үйретуді жалғастыру, баланы шыдамдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 3. «Шанамен сырғанау» /таза ауада/ Мақсаты: Таза ауада балаларды шынықтыру, денсаулығын мықтау, дербес дене қимылдарын арттыру.				
ІҮ апта	Дене шынықтыру 1. 5-10 см биіктіктен секіру. Доғаның астымен еңбектеу. Мақсаты: Доғаның астымен еңбектеуді жалғасытра отырып, баланы ептілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2. Доғаның астымен еңбектеу. Доптарды себетке лақтыру. Мақсаты: Балалардың ждж орындауын әдетке айналдырту, сапқа, шеңберге тұруды үйрету, негізгі қимылды орындауға ынталандыру. Дене шынықтыру 3. «Шананы сүйреп үйрену» /таза ауада/ Мақсаты: Таза ауада балаларды шынықтыру, денсаулығын мықтау, дербес дене қимылдарын арттыру.	Көркем әдебиет «Жасыл шырша» (өлең) Есентай Ерботин Мақсаты: Шырша туралы өлеңді оқу, өлең мазмұнымен таныстыру, шырша-мәңгі жасыл, қысы-жазы бір түсте болатындығын айтып өту. Шырша ағашы туралы толық мағлұмат беру керек, сөз байланысы арқылы сөйлеу қабілеттерін дамыту.	Құрастыру «Шырша ойыншықтары» Мақсаты: Балаларда қағазбен жұмыс жасауда умаждау әдісін жетілдіру, қағаздарды умаждау арқылы домалақ пішінге келтіруді бекіту, шыршаның суретіне түрлі-түсті қағаздан ойыншықтар жасау, оны шыршаға ілуде ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану «Қыс мезгілінде құстарға қамқорлық жасау» Мақсаты: Балаларды қыстайтын құстармен таныстыру: торғай, сауысқан, қарға, шымшық, көгершін; олардың тіршілігіндегі ерекшеліктермен таныстыру (қыста суықта тоңып қалмас үшін оларды қоректендіру қажет, жемсалғыш жасап, күн сайын оған жем салып отыру). Балаларды қанатты достарға деген қамқорлық қатынасқа тәрбиелеу.	Сурет салу “ Шырша шамдарын жағамыз” Мақсаты: Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті еске түсіре отырып, берілген суретті жалғастырып саусақтарымен, таяқшаға оралған мактамен сурет салуға үйрету; саусақтарының икемділіктерін арттыру; әсемдікті сезіне білуге, сурет салуға деген қызығушылық сезіміне тәрбиелеу. Музыка.	

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Бірінші кіші топ 2019 жыл, қаңтар айы
Өтпелі тақырып: “Табиғат әлемі”

Мақсаты: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту, адамгершілік нормаларына, төзімділікке, адамдарға құрмет танытуға тәрбиелеу.

Апталаы	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5	Әлеумет-0
I-апта	Дене шынықтыру. 1. Допты себетке лақтыру. Еденде жатқан арқан үстімен жүру. Мақсаты: Допты себетке лақтыруды үйрету. Баланы нақтылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2. Еденде жатқан арқан үстімен жүру. Ілулі тұрған заттарға қолын тигізіп секіру Мақсаты:Сапта жүру, жай жүру, жылдам жүру, едендегі арқан үстімен жүру, биікке секіріп затқа қолын тигізуді үйрету Дене шынықтыру 3. «Шанамен жарысу» /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке тәрбиелеу	Сөйлеуді дамыту «Не қалай дауыстайды?» Мақсаты: Құстардың сайраған дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың дыбысын ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын арқылы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Сенсорика «Қорапшаларға орналастыр» Мақсаты: 2 әртүрлі пішінде (тік төртбұрыш, үшбұрыш) және 2 әртүрлі көлемді (сөздік нұсқау бойынша үлкен, кішкентай) заттарды таңдауды жүзеге асырып, заттарды көлемі мен пішініне қарай топтастыруға үйретуді жалағастыру: ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Қайырымдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану «Менде не бар?» Мақсаты: Жануарлардың кейбір дене бөліктерін ажыратып, атауға үйрету (танау, құйрық, аяқтар).	Мүсіндеу “Пирамида” Мақсаты: Балаларға ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ, жұмыр мүсіндер туралы мағлұмат беру; ермексазды алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін меңгерту; тілін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру, ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Сурет салу “Ұзын жолдар”. Мақсаты: Балалардың қарандашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету. Бейнеленгендерін іс-әрекет арқылы көрсете білу, саусақ, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту; Еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Музыка	

ІІІ апта	Дене шынықтыру. 1. Ілулі тұрған заттарға қолын тийгізіп секіру. Ирелендеген (қайталамалы) жолмен жүру. Мақсаты:Сапта жүру,жай жүру,жылдам жүру,едендегі арқан үстімен жүру,биікке секіріп затқа қолын тигізуді үйрету Дене шынықтыру 2. Ирелендеген (қайталамалы) жолмен жүру. Түзу бағытта (биіктігі 10-15см) заттардан аттап өту Мақсаты: Балаларды шапшандылыққа , ептілікке тәрбиелеу Дене шынықтыру 3. Төбешіктен шанамен сырғанау” /таза ауада/ Мақсаты:Берілген тапсырманы орындай отырып, баланы шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту «Самат нені үрлей алады?» Мақсаты: Балаларды тауықтың қауырсынымен таныстыру. Сұраққа қысқаша жауап беруге дағдыландыру. Тыныс алу дағдысын қалыптастыру.	Сенсорика «Жоғары төмен» Мақсаты: Кеңістіктік қатынастармен танысы; «жоғары- төмен» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету және ұсақ қол моторикасын жетілдіру;сөйлеу тілдерін жетілдіру,естіп қабылдауды дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану «Құстарды бақылау» Мақсаты:. Құстарды, олардың қимылдарын бақылау (ән салады, ұшады, шоқиды, су ішеді). Құстарды, аквариумдегі балықтарды коректендіруге баулу.	Аппликация «Жеңіл машина» Мақсаты: Көлік турлерімен таныстыруды жалғасытыру;дайын машина пішіндерден жеңіл машина құрастыруды үйрету.Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу “Қызыл-жасыл жапырақтар”. Мақсаты: Ата-аналармен бірлесе отырып алақан арқылы жапырақтың бейнесін салуды үйрету; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту; балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа,тазалық сақтай білуге тәрбиелеу. Музыка	
ІІІ апта	Дене шынықтыру. 1. Түзу бағытта (биіктігі 10-15см) заттардан аттап өту. Допты жоғары лақтыр. Мақсаты:Әр түрлі қарқында жай және жылдам жүгіру.Қол-аяқ қимыл-қозғалыс үйлесімдігін дамыту.	Көркем әдебиет «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрысына талдау жасауға, оларға қабылданған ережелерге	Құрастыру «Пойыз» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра	Сурет салу “Түрлі түсті жіптер”. Мақсаты: Фломастерді немесе майлы қарындашты дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету. Саусақатрының бұлшық еттерін дамыту;ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	

	Дене шынықтыру 2. Допты жоғары лақтыру. Жерде жатқан арқан үстімен түзу жүру. Мақсаты: Арқан үстімен , аттап өтуді калыптастыру. Балаларды тапқырлыққа баули отырып, зейінділіктерін арттыру. Дене шынықтыру 3. «Дәлдеп лақтыр» Дайын домалақтаған қарды шеңбер ішіне дәлдеп лақтыр. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа , ептілікке тәрбиелеу	сәйкес баға беруге үйрету	отырып пойыз құрастыра білуге текшені ажырата білуге үйрету. Жаратылыстану «Табиғатты бақылау» Мақсаты:. Ауа райындағы және Табиғаттағы өзгерісті байқауға үйрету. Ауа райының құбылыстарына және оларға деген адамдардың қатынасына назар аударту (жаңбыр жауғанда дымқыл болады, жамылғысыз және етіксіз серуендеуге болмайды; жазда күн ыстық кезде панама киеді; қыста суық, сондықтан адамдар тон, мойынорағыш, жылы етік, тері бас киімдер киеді және т.б.).	Музыка	
ІУапта	Дене шынықтыру 1. Жерде жатқан арқан үстімен түзу жүру. Гимнастикалық орындық үстімен қолды белге қойып жүріп өту. Мақсаты: Әр түрлі қарқында жай және жылдам жүгіру.Қол-аяқ қимыл-қозғалыс үйлесімдігін дамыту Дене шынықтыру 2. Гимнастикалық орындық үстімен қолды белге қойып жүріп өту.Қойылған заттардың арасымен еңбектеу.	Көркем әдебиет «Телефон» (өлең) Корней Чуковский Мақсаты: Көркем сөзге деген көңіл күй деңгейлерін дамыту, кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеу көркемдігімен рөлді орындау қабілеттерін қалыптастыру, әдептілікке тәрбиелеу.	Құрастыру «Көпір» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып көпір құрастыра білуге үйрету. Жаратылыстану «Өсімдіктердің бөліктері» Мақсаты: Өсімдіктердің бөліктері туралы түсінік беру	Сурет салу “Мұржадан түтін будақтайды” Мақсаты: Қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру; қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру; саусақтарының қимыл-қозғалыстарын және икемділігін дамыту;әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу,сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Музыка.	

	Мақсаты:Балаларды шапшаңдылыққа , ептілікке тәрбиелеу Дене шынықтыру 3.”Шектелген кеңістікте жүру”. /таза ауада/ Мақсаты:Ойын алаңындағы белгілі бір межеге дейін жүру.		(сабағы, жапырағы, гүлі).		
--	---	--	---------------------------	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
I Кіші топ 2019 жыл, ақпан айы
Өтпелі тақырып: “Бізді қоршаған әлем”

Мақсаты: Балаларды флора және фауна нұсқаларымен таныстыру, экологиялық тәрбие беру, табиғатқа аялы көзқарасын қалыптастыру

Аптaлaры	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5	Әлеумет-0
I-апта	Дене шынықтыру. Гимнастикалық таяқшадан секіру. Белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу. Мақсаты:Шеңберде тұрып үйрену,негізгі қимылды толық жасату,белгіленген межеден секіруді үйрету,дене қимылдарын жетілдіру. Дене шынықтыру 2. Белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу. Қосақтасып жүру. Мақсаты:Белгіленген жерге дейін еңбектеуді үйрету,дене қимылдарын жетілдіру,ЖДЖ толық қатысуын қамтамасыз ету. Дене шынықтыру 3. «Қарды лақтыр» Тәрбиеші көмегімен бірге ойнау./таза ауада/ Мақсаты: Балаларды ептілікке, шыдымдылыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту «Көрсет және қайтала» Мақсаты: Өткен оқу іс-әрекетінде алған білімдерін бекіту. Өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету. Тазалыққа баулу.	Сенсорика «Кірпілер» Мақсаты: «көп», «аз», «біреу», ұғымдарын қалыптастыру;заттарды түстері бойынша топтауды,заттың көлемін ажыратуды үйрету;кеңістіктік түсініктерін дамыту;сөйлеу тілінде заттың орнын білдіруші кеңстік ұғымдарын қолдана білу (астында,үстінде, жанында); тактильді түйсікті,эстетикалық мәдениетті дамыту; жануарларға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Жаратылыстану Экологиялық ойын «Зообақ» Мақсаты: Түрлі иллюстрацияларды қолданып, жабайы жануарлармен таныстыруды жалғастыру; жануарлардың түрлі климаттық жағдайларда тіршілік ететіні туралы түсінік беру (ақ аю – солтүстікте, түйе- шөлді аймақтарда тіршілік етеді	Мүсіндеу “Қоянға арналған сәбіз”” Мақсаты: Балаларға ермексаз бөліктерін алақан арасына салып есуді,әртүрлі форманы қалыптастыра білуді үйрету,ойлау қабілетінің логикалық дамуын қалыптастыру, балаларды қоршаған ортаға, табиғатқа, жануарларға жанашырлыққа тәрбиелеу. Сурет салу “ Маймақ маң-маң басады”. Мақсаты: Аюдың ізін қылқаламмен,қарындашпен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету; жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту; қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 2.Музыка Музыка жетекшісің жоспары бойынша	

Папта	Дене шынықтыру. 1. Допты бір-біріне еңкейіп тұрып домалату. Допты жерге ұрып ыршытып ұстап алу. Мақсаты: Допты бір-біріне домалатып лақтыруға үйрете отырып, балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу, Дене шынықтыру 2. Допты жерге ұрып ыршытып ұстап алу. Гимнастикалық таяқшадан секіру. Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, бөренелерден аттап өтуді үйрету. Дене шынықтыру 3. «Дәл тигіз» қ.о. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды ептілікке, шыдамдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту «Тазалық-таза баланың досы» Мақсаты: Тазалық бұйымдарымен таныстыру. Сүлгі, сабын сөздерін қалыптастып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету.	Сенсорика «Көжекті жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды тағдауға үйрету; түстері бойынша нысандарды топтастыру дағдысын бекіту; сары, көк, жасыл, қызыл, түстермен балаларды таныстыруды жалғасытыру; ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелену Жаратылыстану «Қанатты достар» Мақсаты: Балаларды қыстайтын құстармен таныстыру (торғай, қарға, шымшық, көгершін). Балалардың қыс мезгіліндегі құстардың тіршілігі, дағдылары, қорегі туралы білімдерін кеңейту.	Аппликация «Қараторғайдың ұясы» Мақсаты: Балаларды құс түрлерімен таныстыру; геометриялық пішіндерді ажыратуды үйрету; геометриялық пішіндерден (үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыш) қараторғайдың ұясын құрастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Құстарды аялау және құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Сурет салу “Мұз айдынындағы іздер”. Мақсаты: Қылқаламды дұрыс ұстай отырып, берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар сызу арқалы көрсетуге үйреу; ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптасытру; табиғаттың әсемдігін түсіне білуге тәрбиелеу. Музыка	
	Дене шынықтыру. 1. Гимнастикалық таяқшадан секіру. Белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу. Мақсаты: Гимнастикалық таяқшадан секіруді үйрету. тапқырлыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2. Белгіленген жерге дейін (2-3 м) еңбектеу. Қосақтасып жүру.	Көркем әдебиет «Түлкі мен қоян» (ертегі) Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалай білу қабілетін қалыптастыру. Оларға өз көзқарасын білдіруге үйрету.	Құрастыру «Тар және кең жолдар» Мақсаты: Балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру, құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға және педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай алуға тәрбиелеу.	Сурет салу “Машинаның дөңгелектері”. Мақсаты: Машинаның дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету; жұмыс барасында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту; ойынышықтарды күтәп ұстауға, мұқият ойнауға тәрбиелеу. Музыка	

	Мақсаты: Қосақтасып жүруді дамыту, Балаларды ептілікке, шыдымдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 3. «Қорбаңдаған аю,секеңдеген қоян» қ.о. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды ептілікке, шыдымдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.		Жаратылыстану «Су не үшін қажет?» Мақсаты: Тұрмыста судың қолданысы туралы білу (төгіледі, жылы-суық, суда шомылады, сумен жуынады, сумен кір жуады және т.б.); табиғаттағы су (жылғалардан су ағады, сүңгілер, өзен, тоған ериді).		
Үлгі	Дене шынықтыру 1. Қосақтасып жүру. Ұсақ заттарды (шарды) 1м қашықтыққа лақтыру. Мақсаты: Қосақтасып жүруді калыптастырып,. Балаларды ептілікке, шыдымдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 2. Ұсақ заттарды (шарды) 1м қашықтыққа лақтыру. Аяқ ұшымен жүру. Мақсаты: Тапсырманы орындай отырып, аяқ ұшымен жүруді үйрету. Дене шынықтыру 3. “Қар үйіндісіне кім жылдам шығады?” қ.о. /таза ауада/ Мақсаты: Балаларды ептілікке, шыдымдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.	Көркем әдебиет «Арыстан мен тышқан» (ертегі) Мақсаты Ертегінің мағынасын түсіндіру. Тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту.:	Құрастыру «Тостаған» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша үш бөліктен тұратын тостаған суретін кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету. Жаратылыстану «Сумен тәжірибе жүргізу» Мақсаты: Судың мөлдір екенін, бірақ оны кез-келген түске бояуға немесе ластауға болатынын көрсету; судың дәмі шырынмен, сүттен ерекшеленеді; төмен температурада мұзға айналуы мүмкін.	Сурет салу “Балықтар жүзеді”. Мақсаты: Езілген бояуды жүргізу арқылы қағаз бетін толық бояуға үйрету; қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту. Музыка.	

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Бірінші кіші топ 2019 жыл, наурыз айы
Өтпелі тақырып: **“Салттар мен фольклор”**

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктеріне сай білім, білік дағдыларын, рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Патриотизмге тәрбиелеу.

Апта-лары	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 аппликация-0,25, музыка – 1,5	Әлеумет-0
------------------	----------------------	---	--	--	------------------

І-апта	Дене шынықтыру. 1. Аяқ ұшымен жүру. Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Мақсаты:Жұптасып сапта жүру дағдыларын қалыптастыру,ЖДЖ толық орындату,қол-аяқ қимыл-қозғалысын арттыру.Негізгі қимылды толық орындауға үйрету. 2. Дене шынықтыру Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Допты 1м қашықтықтағы қақпаға домалату Мақсаты:Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру,допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату.Сапты бұзбай жүруге үйрету. 3.Дене шынықтыру «Төбешіктен, төбешікке» Тәрбиеші көмегімен бірге ойнау./таза ауада/ Мақсаты:Тәрбиешінің көмегімен төбешіктерден секіріп өтуге үйрету,балалардың қимыл-қозғалысын арттыру,тәртіппен жүруге үйрету.	Сөйлеуді дамыту «Қуыршақ қонаққа келді» Мақсаты: Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын айтуды үйрету,оларды ажыратуға даттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру.Қонақжайлыққа баулу.	Сенсорика «Дөңгелек күн» Мақсаты: Балаларға таныс геомериялық фигуралар (үшбұрыш,дөңгелек,шаршы) туралы білімді бекіту;тапсырыс пен сөздік мағынасы бойынша, заттар түсіне бағыттала үйрету;балалардың түс пен пішін жайлы білімдерін бекіту; қабылдауды, есте сақтауды, көрнекті-бейнелік ойлауды дамыту;балаларды әртүрлі сенсорлық сезінулермен байыта отырып, қоршпған ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп, білуге құмарлыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану «Өсімдіктерге күтім жасау» Мақсаты: Суару тәсілдеріне назар аудару: өсімдіктерге күтім жасауға баулу.	Мүсіндеу “Бауырсақ” Мақсаты: Ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ, жұмыр мүсін жасау туралы мағлұмат беру; «Бауырсақ» ертегісі арқылы мүсіндеуге баулу; қол өнерінің басқа да техникалық түрлерін пайдалану, бет бейнесін жасау; бала қиялын дамыту; мүсіндеудің домалақтау, илеу тәрізді тәсілдерін үйрету; ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Сурет салу “Мүз сүңгілері.” Мақсаты: Үзік сызықты сыздырта отырып,кеңістікті бағдарлай білуге үйрету; баланың қиялын дамыту; табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка. Музыка жетекшінің жоспары бойынша	
ІІ-апта	Дене шынықтыру. 1. Допты 1м қашықтықтағы қақпаға домалату. Кішкентай доппен кегельдер арасымен	Сөйлеуді дамыту «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Үй жануарларымен	Сенсорика «Қуыршаққа арналған тартулар» (Әртүрлі көлемдегі бірдей заттарды 2 топқа бөліп қою). Мақсаты: Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару,оларда	Аппликация «Құрақ көрпе» Мақсаты: Құрақ туралы түсінік беру;геометриялық пішін үшбұрышты қолдана отырып құрақ көрпе жасауды үйрету.Тілдерін	

	ирелендеп жүгіру. Мақсаты: ЖДЖ толық орындату, қол-аяқ қимыл-қозғалысын арттыру. Негізгі қимылды толық орындауға үйрету. Дене шынықтыру 2. Кішкентай доппен кегельдер арасымен ирелендеп жүгіру. Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу. Мақсаты: Сапты бұзбай жүруге үйрету. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру 3. «Қар атыспақ» қ.о. /таза ауада/ Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалысын арттыру, тәртіппен жүруге үйрету.	таныстыру. Жануарлардың дыбыстары жазылған ұнтаспаны тыңдату арқылы «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» сұрағына жауап беруге үйрету. Жануарларға қамқорлық жасау керектігін түсіндіру.	өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру; «осындай», «мұндай емес», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету; ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу Жаратылыстану “Құстардың қоректенін бақылау” Мақсаты: Құстарға қамқорлық көрсетуге ынталандыру. Құстардың әрекеті, қимылы туралы білімдерін қалыптастыру.	дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Төзімділікке тәрбиелеу. Сурет салу “Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз”. Мақсаты: Қылқаламмен немесе саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен, кіші) безендіруге үйрету; негізі түстер туралы білімдерін бекіту; саусақтарының икемлілігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту; сурет салуға деген қызығушылыққа және талғапаздыққа тәрбиелеу. Музыка.	
